

**Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы білім бөлімі
Бозтал ауылының ЖОББМ**

**Шағын орталық бойынша
2022-2023 оқу жылының
есебі**

Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы білім бөлімі Бозтал ауылының ЖОББМ жанындағы шағын орталығы мектептің бірінші қабатында, сол жақ бөлігіне орналасқан, жылу жүйесімен қамтамасыз етілген. Шағын орталықта «Балдәурен» отраңғы тобы жұмыс істейді, «Балдәурен» ортаңғы тобында 14 бүлдіршін тәрбиеленуде. Оқу-тәрбие жұмысын 2 тәрбиеші, 1 тәрбиешінің көмекшісі, 1 даярлық сыныбының мұғалімі қызмет атқарады. Мен «Балдәурен» ортаңғы тобының тәрбиешісі Кожахметова Ж.М. білімім жоғары, біліктілігін арттыру курстарынан өттім.

Оқыту мен тәрбиелеу үрдісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың» негізгі ережелеріне сүйеніп жүргізіледі. Оқу жылының басында мақсат-міндеттер айқындалып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген оқу жоспарында білім саласының мазмұнын меңгеруге бөлінген ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жоспары базалық оқу жоспарында белгіленген ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің санымен сәйкестендірілді.

Бүлдіршіндер жарты күн шағын орталықта болады, сағат 8.30-13.00 дейін, күнделікті ас мәзірі қарастырылмаған, бүлдіршіндердің денсаулығын тексеріп, медбике қадағалап отырады.

Шағын орталық алға қойған мақсат-міндеттерді орындау барысында жұмыстар атқарылды.

Әдістемелік тақырып: «Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың білімін жетілдіру».

Мақсаты:

- мектеп жасына дейінгі балаларды технологияларды қолдану арқылы жан-жақты дамыту;
- балалардың денсаулығын сақтау және нығайту;
- балалардың ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эстетикалық дамуы;

Замануи технологиялар:

- **Асық терапиясы,**
- **Мнемокесте (шағын орталықта)**
- **Құм терапиясы (шағын орталықта)**
таңдалып, іске асыруға жоспарланды.

2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары бекітілді, топтардың оқу жылына дайындығы сарапталды, әр топтың тақырыптық-перспективтік жоспарлары, оқу жұмыс жоспары, күн тәртібі, ата-аналармен жұмыс жоспары, сабақтастық, тәрбие жұмыстары циклограммаға еңгізіліп, бекітіліп жүргізілді.

Әр айда күн тәртібіндегі бала өмірі іс-әрекеттің ұйымдастырылуын қадағалап, бақылау жүргізіліп отырады.

Шағын орталықта өзекті мәселе бойынша атқарылған жұмыстарға төмендегідей мақсат қойылды:

Бағдарламаға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың стандартына сәйкес бес білім саласы бойынша: «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бойынша өткізіледі. Топтарда күн тәртібі сақталып, күн тәртібінде шынықтыру шаралары ұйымдастырылып отырады. Топтың тәрбиешісінің алға қойған мақсаты:

балаларды шағын орталыққа бейімдеу, мәдени-гигиеналық дағдыларды меңгеру, қалыптастыру, ойын арқылы балалардың тілін шығару. Жыл бойында кезекті ойын-сауықтар өткізілді. Үстел үсті, қуыршақ театры, шағын сахналауды көрсету ұйымдастырылды. Жыл көлемінде мереке қарсаңында ойын-сауықтар ұйымдастырылып, халық ауыз әдебиеті мен көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру мақсатында қуыршақ театрын «Шалқан» ертегісін «Бауырсақ», «Үйшік» ертегілерін қазіргі заман талабына сай өткізді, балаларға жыл мезгілдерді ажырату, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында «Күз Жомарт», мереке қарсаңында «Шырқа!Шырқа!Жаңа жыл!», «Аялайық ананы», «Жылдың басы Наурыз» атты ертеңгіліктері өткізілді.Тәрбиешілер оқу іс-әрекетінде күнделікті сабақта **мнемокесте әдісін сөйлеуді** дамыту сабағында сурет арқылы тақпақтарды жаттау,сұрақтарға толық жауап беру,есте сақтау қабілеттерін дамыту бойынша қолданады.Асық терапиясын қол моторикасын дамыту,ой өрісін нығайту,есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру арқылы қолданылады.

Сурет1. Мнемокесте технологиясы



Екі аяқпен жүремін
Екі көзбен көремін,
Екі қолым бар менің
Екі құлақты білемін. Осы кесте бойынша балалар тақпақ жаттайды.

Сурет2.Құм терапиясы



« Күз Жомарт » ертеңгілігі





« Республика » күні



«Шырқа!Шырқа! Жаңа жыл!»ертеңгілігі



«Алғыс айту» күні



«Аялайық ананы» ертеңлігі







«Жылдың басы Наурыз» ертеңгілігі



Тәрбиеленушілердің физикалық қасиеттерінің дамуын, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық және зерттеу іс әрекеттерінің, әлеуметтік -эмоционалды дағдыларының дамуын анықтау үшін бір жылда үш рет мониторинг жүргізіледі, бастапқы оқу жылының басында, яғни қыркүйек айында, аралық мониторинг қантар айында және мамыр айында қорытынды мониторинг. Әр балаға жеке даму картасы толтырылады.

«Сандар, түстер, пішіндер» ашық сабағы



**Сыныптан тыс іс – шара «Мақта қыз» ертегісінің
қойылымы**



